

ӨОЖ 327(091)

Л.М. Уразова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: urazova_liza@mail.ru

Барак Обама әкімшілігі миссиясы: АҚШ-тың сыртқы саяси имиджі

Аңдатпа. Бұл мақала Джордж Буш әкімшілігінен кейінгі АҚШ-тың сыртқы саяси имиджі тақырыбына арналған. Мақалада автор Барак Обама әкімшілігінің билік басына келген уақытта АҚШ-тың әлемдегі жағдайына сараптама жүргізді. Сонымен қатар Обама әкімшілігінің сыртқы саяси курсының теориялық негізі зерттелді.

Түйін сөздер: Барак Обама әкімшілігі, АҚШ-тың сыртқы саясаты, ұлттық қауіпсіздік, Буш доктринасы.

2008 жылы Джордж Уокер Буш әкімшілігінен кейін АҚШ алдында әлемдік аренадағы беделі мен имиджін қайта қалпына келтіру мәселесі тұрды. Мамандардың пайымдауынша, бұл жағдай «Буш доктринасы» салдары болып табылды. Соңғы 60 жылдың ішінде америкалық сыртқы саясатты түпкілікті жаңа бағытқа бұрған «Буш доктринасы» аталып кеткен концепция – бірнеше құжат жиынтығы. АҚШ ұлттық қауіпсіздігін жаңаша қамтамасыз етуге бағытталған Буш доктринасының негізгі ережелерін 2002 жылы қабылданған «Мемлекет ахуалы туралы баяндама», «Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы», сонымен қатар президент Джордж Буштың Біріккен Ұлттар Ұйымындағы сөзі құрады. Вашингтонның бұл концепциясының негізгі элементі алдын алу, қарсылас күшінен асып түсетін соққы жасау болып табылды. Буш доктринасы АҚШ-қа америкалық үкімет керек деп тапқан жағдай осы сынды соққыларды жасауға мүмкіндік алып келді. 2002 жылы қыркүйекте қабылданған Ұлттық қауіпсіздік доктринасында (ҰҚС) алғаш рет құжат негізінде Буш әкімшілігі жаһандық терроризммен күрес түсінігін негіздеді. ҰҚС-да «Жаһандық масштабтағы терроризммен күрес біздің тарихымызда болған соғыстардан өзгеше. Ол – бірнеше майданда ұзақ уақыт бойы көзге көрінбейтін жаумен күрес. Бұл күресте жетістікке тек қана көрінетін және көрінбейтін жаңа нәтижелерге үздіксіз қол жеткізіп отырсақ жете аламыз» деп көрсетілген [1].

2008 жылғы президенттік кампания кезінде

Джордж Буш сыртқы саясатының Демократиялық партияның қатаң сынына ұшырап, нәтижесінде билік басына келуге тікелей ықпал еткен фактор. Демократиялық партияның өкілі Барак Обаманың сайлауалды бағдарламасында сыртқы саясатта АҚШ-тың әлемдегі имиджін қалпына келтіру әрі дамыту негізгі идея болып табылды.

2008 жылы билік басына келген демократтардың сыртқы саясаты республикалықтар кезінде АҚШ өзінің әлемдік көшбасшы рөлін жоғалтқандығы туралы бастапқы позицияға негізделді. 2008 жылы өзінің сайлау алды кампаниясында Хилари Клинтон: «Буш әкімшілігі америкалық халыққа жалған альтернативалар ұсынды – дипломатия орнына күш қолдану, көпжақты саясат орнына біржақты саясат, soft power орнына hard power қолданды. Осы сынды альтернативаларға жүгінуі әлемді қабылдаудың тек қана идеологиялық тұрғыдан қарастыру арқылы дүниежүзілік көшбасшылықты қамтамасыз ететін құралдарынан айырды», – деп айтты.

Жаңа президент Барак Обамаға Джорж Буштан кейінгі ауыр жағдай мәселелерін шешу жұмыстары жүктелді.

- Біріншіден, халықтың жоғарғы билікке деген сенімінің, «жарқын болашаққа деген сенімінің» жоғалуы;
- Екіншіден, 1930 жылдардан бергі ең терең әрі жан-жақты қаржылық-экономикалық дағдарыс орын алды. Америка Құрама Штаттарының қаржылық жүйесі құлдырау

деңгейі алдында тұрды, ДЖӨ деңгейі төмендеп, жұмыссыздық көлемі артып, экономикалық рецессия өршіген болатын.

- Үшіншіден, жалғыз держава АҚШ басқаратын монополярлы жүйе стратегиясы консолидациясының қирауы. АҚШ-тың әлемдегі ықпалы мен престижі төмендеп, көпполярлы әлем қалыптастыру тенденциясы бой алды.

- Төртіншіден, АҚШ күштерінің шамадан тыс жүктелуі, яғни Ирак пен Ауғанстандағы ұзаққа созылған соғыстар нәтижесінде америкалық армияның әлсіреуі.

Обама америкалық халықтың құрамындағы ақ америкалықтардың құрамдас бөлігінің азайғандығымен айқындалатын АҚШ саяси элитасының ауысуының символы болып табылды. Мысалы, 2008 жылғы сайлауда әйелдер – Хиллари Клинтон және Сара Пейлин, италяндық католик Рудольф Джулиани, мормон Митч Ромни, жартылай мексикалық Билл Ричардсон және афроамерикалық Барак Обама қатысуы осы тенденцияның бір көрінісі болып табылады. Ол жастар, кәсіподақтар, этникалық азшылықтар, либералды интеллигенция және тәуелсіз сайлаушылардан тұратын кең ауқымды саяси коалиция құра алды. Ол президенттік сайлауға қаражат жинау рекордсмені болып табылды. Нәтижесінде Обама Сенатта болған аз уақыты ішінде өзін либералды қайраткер ретінде көрсетіп, сайлау қорытындысы бойынша сайлаушылардың 58% даусы мен таңдаушылардың (выборщики) басым даусына ие болды. Осылайша, жаңа президент өзгерістерге мандат алды [2].

Егер 2008 жылғы жағдайды 30-жылдармен салыстыратын болсақ, Обама өзінің сол кездегі әріптесі Ф. Рузвельт сияқты «Жаңа курс» бағдарламалар жинағын жасау арқылы экономиканы мемлекеттің тікелей және жанама рөлін арттыру арқылы құтқару керек болды.

Кіші Джордж Буш әкімшілігі неолиберализм теориясына сәйкес ХХІ ғасырда ешбір ел тәжірибесінде кездеспеген федералды салықтарды қысқарту саясатын жүргізуінің нәтижесінде мемлекеттік қарыз өскен болатын. Оған қоса мемлекеттік шығындар көлемі артып, 1 трлн. долларды құрады. Монетарлық басқару көздерінің манипуляциясы 2007 жылы жарылған үлкен қаржылық қуыстың пайда болуына алып келді. Деривативтердің ретсіз өсуі салдарынан қаржылық пирамиданың қирауы басталды. Джордж Буш жағдайға жауап беруге мәжбүр болды. 2008 жылы нарықты тұрақтандыруға

бағытталған бірқатар антикризистік шаралар қолға алынды, атап айтқанда, 160 млрд-тық салықтық жеңілдіктер және банк жүйесін сақтауға арналған шараларды мемлекеттік қаржыландыру [3].

Осылайша, неолиберализм теориясы мен практикасы аяқталды. Неокейнсиандық әдіс заманы басталды. Бұл шаралардың көпшілігі конгрестегі демократтардың қолдауымен жүзеге асқаны белгілі, республикалықтардың басым бөлігі оларға қолдау көрсеткен жоқ.

Билікке өте күрделі жағдайда келген Обама екіпартиялық қолдауды алу үшін республикалықтарға ұсыныстар жасады. Кіші Джордж Буш билік басынан кеткеннен кейін, 2008 жылы Маккейннің сайлаудағы ұтылысынан кейін республикалық партия басшысыз және айқын бағдарламасыз қалды. Обама конгресте республикалық фракцияның мүддесін алға тартты.

Кіші Джордж Буштың бірінші әкімшілігі кезінен бастап елдегі ішкі әлеуметтік-экономикалық жағдай күрт төмендей бастады. Егер Билл Клинтоннан кейін америкалық бюджет профицитте болған болса, 2004 жылдың қорытындысы бойынша АҚШ бюджеті дефициті 415 млрд. долларға, ал сыртқы қарыз көлемі 2,3 трлн. долларға жетті [4].

2007 жылы америкалық конгрестің тапсырысымен АҚШ-тың әлемдегі беделі жағдайы туралы баяндама жасалынды. 47 беттен тұратын баяндамада АҚШ үкіметі мен бірқатар ірі компаниялардың жүргізген сауалнамасының қорытындысы бойынша әлемдегі америкалық сыртқы саясатқа деген оң көзқарастың төмендегенін көрсетті. ХХ ғасырдың 50-жылдарынан бері қалыптасқан оң көзқарас 2002 жылдан кейін негативті пайымға ауысты. Сонымен қатар баяндамада 2002 жылдан кейін Еуропада АҚШ-тың әлем саясатына араласуына деген көзқарас 26%-ға төмендегендігі айтылады. Осы сынды негативті көзқарас зерттеу нәтижелері бойынша араб мемлекеттерінде 82%-ға артса, Латын Америка елдерінде 86%-ға жетті. Баяндама авторларының пікірінше, Американың сыртқы саясаттағы басты мақсаты диктаторлық режимдер және альянстар арқылы Таяу Шығыстағы минералды ресурстарды иемдену, Азия мен Латын Америкасында олардың коммерциялық мүдделеріне нұқсан келтіретін үкіметтерге қарсы әскери күш қолдану болып табылады деген пікір 2006 жылдың қорытындысы бойынша әлемдік

қоғамда қалыптасқан. Соған қоса баяндама авторлары Американың имиджіне демократиялық құндылықтар, адам құқықтары, шыдамдылық пен заңның үстемдігі сияқты идеялардың америкалық қауіпсіздік пен экономика алдында әкімшіліктер тарапынан ескерілмейтіндігіне тікелей байланысты екендігін атап өтті [5].

Pew Research Center компаниясының жүргізген сауалнамасы қорытындысы әлем елдерінің халқы Буш әкімшілігінің биліктен кетіп сыртқы саяси бағыттың өзгергендігін қалайтындықтарын көрсетті. Осыған байланысты Pew Research Center зерттеулері бойынша әлем Джордж Буштың партияласы Джон Маккейн емес демократ Барак Обамаға үлкен үміт артатындықтарын көрсетті. Қоғамдық пікірді зерттеу жұмыстары әлемнің 23 мемлекетінде жүзеге асырылды. Қоғамдық сауалнама бойынша әлем елдері Буш әкімшілігінен кейін Америка сыртқы саясаты жағымды жаққа өзгертіндігіне үміт артатындықтарын білдірді, бұл тізімді АҚШ-тың Ирактағы әскери операцияларына қарсы Испания, Франция және Германия сияқты ірі еуропалық мемлекеттер бастады. Сонымен қатар Pew Research Center мамандары Жапония, Түркия, Оңтүстік Корея және Ресей халқының пайымдауына, АҚШ-тың сыртқы саясаты билік ауысқаннан кейін түбегейлі өзгермейді және осы ұзақ уақытта қалыптасқан жағдай өзгермейтін болса, Йордания, Мысыр және Ливан халқы билік ауыса салып, Ақ үй мен әлемнің қарым-қатынастары одан әрі нашарлайтындықтарын алға тартты.

Барак Обама президенттігінің алғашқы жылдарында Американың әлемдегі беделі біршама артты. Pew Research Center Германияда АҚШ-қа деген оң көзқарас 2000 жылы 78% құрап, кейінірек 2007 жылы ол көрсеткіш 30%-ға төмендесе, 2009 жылы аталмыш бағана 64%-ға көтерілгендігін хабарлады. Ал 2007 жылы 39% құраған Францияда аталмыш көрсеткіш 2009 жылы бір мезетте 75%-ға көтерілді. АҚШ-тың әрқашан тұрақты одақтасы болып келген Ұлыбритания халқының пікірі 2007 жылы 51%-ды құраса 2009 жыл қорытындысына сәйкес 69%-ға жеткендігі мәлім болды. Екі жақты қатынастары әрқашан да көшбасшыларына тәуелді болған Ресейдегі АҚШ саясатына оң көзқарас 2000 жылы 37%-ды құраған болса, 2009 жылы 44%-ға дейін артты. Алайда бұл көрсеткіш 2002 жылы Ресейде 61%-ды құрады, бұл жағдайды жаппай қырып жою қаруына байланысты екі жақты келіссөздердің интенсивті түрде жүргізілуімен

байланыстыруға болады. Осыған байланысты Ресей тарабы Барак Обама әкімшілігі саясатына оң көзқарасы жоғарылады деп пайымдау қиынға соғады. Сонымен қатар АҚШ-тың негізгі сауда және инвестициялық әріптесі болып табылатын Қытайдағы 2009 жылғы көрсеткіштер 2003 жылмен салыстырғанда 21%-ға аз болғанымен, 2007 жылмен салыстырғанда 13%-ға артты. Алайда 2009 жыл қорытындысы бойынша АҚШ-тың Таяу Шығыстағы басты әріптесі Израильдегі америкалық имидж деңгейі біршама төмендеді. 2003 жылы АҚШ-тың бұл елдегі имидж деңгейі 78%-ды құраса 2009 жылы бұл деңгей 71%-ға төмендеді. Сонымен қатар эксперт-мамандар жана администрацияның нақты шараларына байланысты әлем мемлекеттеріндегі көзқарас деңгейін зерттеді. Осылайша, Барак Обама әкімшілігінің Гуантанамодағы түрмені жабуы қолдауға ие болса, Ауғанстандағы әскер санын ұлғайту туралы бастамасы негативті көзқарасқа тап болды. Ауған мәселесіне қатысты жаңа әкімшіліктің бағытымен тек қана Ұлыбритания мен Канада ғана келісті. Өз президенттігінің басында Обаманың Мысырға жасаған сапары оның жекебасының сонымен қатар АҚШ-тың имиджіне оң әсерін тигізді. Каирда ол мұсылман әлеміне жолдау жасады. Бұл мұсылман елдеріндегі беделін арттырғанымен, жоғарыда аталып өткендей, Израильмен қарым-қатынасына кері әсерін тигізді. Алайда сарапшы мамандардың пікірінше Барак Обаманың әкімшілігінің АҚШ имиджін көтеруге байланысты шаралары өте әлсіз болды, ал сенімнің артуын президенттің жеке бас абыройына байланысты болғандығын алға тартады. Сонымен қатар айта кететін жайт, 44-президенттің әкесі Кенияда туылғанына байланысты және қара нәсілді болуына байланысты АҚШ-тың Африка континентіндегі имиджі мен сенім деңгейі арта түсуіне түрткі болды. 2009 жылдың қорытындысы бойынша, Обаманың жеке бас беделдік рейтингі Германияда 93%-ға жетті, Францияда бұл көрсеткіш 91%-ды құраса, Ұлыбританияда 86%-ға жетті [6].

Дегенмен барлық сарапшы мамандардың пікірінше, сонымен қатар қоғамдық сауалнама қорытындылары бойынша анти-америкалық пікір, ең алдымен, қаржылық дағдарыс салдарынан өрши түсті. Ол екі мәселе бойынша дамыды, бірі АҚШ-тың қаржылық дағдарыс салдарынан экономикасының әлсіреп супердержава статусынан айырылуы болса, екіншісі, әлемнің басқа мемлекеттерінің өз экономикаларындағы

дағдарыс себептерінде америкалық үкіметтің айыптаудың орын алуы. Бұл тұрғыда америкалық ғалымдар Питер Катзенштейн (*Peter Katzenstein*) мен Роберт Кеохэйниң (*Robert Keohane*) анти-америкалық көңіл күйдің пайда болуының басты алты себебін ескерген жөн. Аталмыш авторлар қаржылық дағдарыс анти-америкалық көзқарасты келесідей алты топқа бөліп қарастырады:

1. Ұлттық/ националистік (АҚШ-тың супер державалық статусына байланысты басқыншылық келбеті);

2. Әлеуметтік-идеологиялық (америкалық капитализм мен америкалық қоғамға қатысты айыптаулар);

3. Либералды (әлем мемлекеттерінің АҚШ-тың басты құндылықтары мен принциптеріне қол жеткізуіне күмән келтіруі);

4. Радикалды исламдық (мұсылман үкіметтері тарапынан АҚШ-ты батыстық және еврейлік басқыншылық символы ретінде көруі);

5. Элитарлық (америкалық масс-медиа мәдениетінің бүкіләлемдік критикасы);

6. Қарым-қатынас мұрасы (АҚШ-пен қарым-қатынастың тарихи жағымсыз тәжірибесіне негіздеу).

Атап өтетін жайт, ғалымдар алдыңғы үш себепті де АҚШ-тағы қаржылық дағдарыспен тікелей байланыстырады [7]. Барак Обама әкімшілігі АҚШ-тың халыаралық имиджін жедел жақсарту үшін, қаржылық дағдарыстан құтылу, экономиканы қалпына келтіру және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін билік басына келісімен бірқатар инновациялық саясат пен инициативалар жүргізді. Аталмыш шаралар, ең алдымен, «ақылды күш» стратегиясына негізделді. Буш әкімшілігі кезінен бастап Джозеф Най бастаған бірқатар америкалық зерттеушілер «ақылды күш» стратегиясын қолдану керектігін алға тартты. 2006 жылдың қаңтар айында Джозеф Най «Foreign Policy» журналында АҚШ «қатал күш» пен «жұмсақ күшті» қатар пайдалана отырып, «ақылды күшті» қолдану арқылы сыртқы саяси стратегияны өзгерту қажеттігін айтты. Джозеф Най мен мемлекеттік хатшының бұрынғы орынбасары Ричард Армитридж Стратегиялық және халықаралық зерттеу орталығының тең төрағасы болып табылады. Сонымен қатар Rand Corporation, Жаңа америкалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығы, «9-11» комитеті, жаһандық байланыстың америкалық орталығы,

Cato Institute және т.б. зерттеу орталықтары баяндамаларын жарыққа шағарып, АҚШ үкіметін сыртқы саясаттың стратегиялық бағыттары ретінде «ақылды күшті» қолдануды ұсынды. «Ақылды күш» Обама әкімшілігі сыртқы саяси стратегиялық бағыттарының ортақ түсінігіне айналды. Найдың пайымдауынша, «ақылды күш» «қатал күш» те «жұмсақ күш» те емес, ортақ стратегия, ресурстық база және инструменталды жәшік. «Ақылды күш» «қатал күш» пен «жұмсақ күшті» америкалық мақсаттарға жету үшін қатар қолданады. Ол мықты әскери күштің қажеттігі мен альянс, әріптестік пен барлық деңгейде координация механизмдерінің қажеттігіне аса ден қояды. Оның негізгі мақсаты АҚШ-тың беделін арттырумен қатар оның іс-әрекеттерінің заңға сәйкес болуын қамтамасыз ету [8].

«Ақылды күш» стратегиясын қабылдап, іс жүзінде қолдану АҚШ алдында тұрған бірқатар мәселелердің күрделілігімен сипатталады. Буш әкімшілігінің сегіз жыл қызметі кезінде Құрама Штаттар ұлттық қауіпсіздік мәселесінде «қатал күштің» негізгі рөлін бөліп қарастыра отырып, Ирак пен Ауғанстанда әскери операцияларын жүргізді. Америка Құрама Штаттарының сыртқы саясаты мен ұлттық қауіпсіздігі саласындағы бұл мәселелердің күн тәртібінде сақталуы жаңа әкімшіліктің стратегиялық орталығы тарапынан америкалық күштің артықшылықтары мен шектеулерін нақтылауға және эффективті сыртқы саяси бағдарлама жасақтауға мәжбүрледі. Сондықтан «ақылды күш» стратегиясы АҚШ-тың стратегиялық ортасының қалыптасқан жағдайды сараптау нәтижесінде қабылданған шешім болып табылады. Америка стратегиялық ортасының «ақылды күш» стратегиясын қолдану туралы шешімі Барак Обама әкімшілігінің сыртқы саяси стратегиясының қоғамдық және идеологиялық негізін құрады. 2009 жылдың қаңтар айында Барак Обама әкімшілігінде сыртқы саяси шешімдерді қабылдаушы әрі жүзеге асырушы мемлекеттік Хатшы Хилари Клинтон Сенат отырысында АҚШ үкіметі «ақылды күш» сыртқы саясатын жүргізетінін мәлімдеді [9].

Обама әкімшілігі «ақылды күш» стратегиясын сыртқы саясаттың бастаушы идеясы ретінде жариялап, дипломатиялық тәжірибеде қолданды. Нәтижесінде Барак Обама әкімшілігінің «ақылды күш» дипломатиясы түсінігі пайда болды. Оның басты міндеті – АҚШ-тың беделін ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтірусіз қайта қалпына келтіру. Жоғарыда аталып өткендей,

басты ерекшелігі «қатал» және «жұмсақ» күшті қатар қолдану практикасы. Барак Обама әлемге АҚШ-ты сыртқы саясатында толеранттылық пен ынтымақтастыққа дайын екендігін көрсетуге талпынды. Оған мысал ретінде оның алғаш сапарларының бірі араб мемлекеттеріне жасалып, Каирдегі сөзін келтіруге болады. Обама әкімшілігі әлемде бейбітшілікті біржақты және жалғыз орната алмайтындығын мәлімдеді [10].

Обама әкімшілігі қарулы күштермен салыстырғанда дипломатиялық құралдарға басымдық беретіндігі; Буш әкімшілігімен салыстырғанда әлемді «дос» және «жау» категориясына бөліп қарастырмай, оның күрделілігіне назар аударатындығы; көп жағдайда дамушы мемлекеттерде «бостандық пен демократияландыру талаптарына» қарағанда экономикалық даму мүмкіндіктері туралы жиі сөз етеді. Алайда Обама әкімшілігі сыртқы саясатта «қатал күштен» де бас тартқан жоқ, тіпті, оның алдағы таңда арта түсетіндігін білдірді. Сонымен қатар Барак Обама:

- Ауғанстанға қосымша әскер кіргізетіндігін мәлімдеді;
- Корей жарты аралындағы дағдарысты тежеу үшін мүмкін болатын әскери күшті қолданатындығын жариялады.

«Ақылды күш» дипломатиясы Барак Обама әкімшілігінің Буш әкімшілігі кезінде нашарлаған қатынастарды қайта қалпына келтіру талпыныстарының көрінісі болып табылады.

Жалпы алғанда, Обама әкімшілігінің сыртқы саяси бағыты өзінің екі жақты қатынастардың дамытылуымен, мәселелерді шешудегі көп жақтылық принципінің орын алуымен сипатталады. Дегенмен, демократтар әкімшілігінің сыртқы саяси идеясы, ең алдымен, ұлттық мүдде сұраныстары мен талаптарына орай жүргізілгені түсінікті. Бұл жағдайда Обама Буш жүргізген сыртқы саясаттан түпкілікті жаңа идея ұсынды деп

айту қиынға соғады. Пью ресерч сервистің берген мәліметтеріне сәйкес АҚШ-тың әлем алдындағы беделінің артуына бірден бір себеп Обаманың жеке бас қасиеттеріне байланысты болды. Қандай жағдай болса да, Обама әкімшілігі «Буш доктринасынан» кейінгі Американың түпкілікті державалық беделінен айырылмауына ат салысты.

Әдебиеттер

1 Стратегия Национальной безопасности США – сентябрь, 2002 <http://merln.ndu.edu/whitepapers/USNSS-Russian.pdf>

2 Обама и его пастор // «Российская газета». – Федеральный выпуск. – №4653.

3 Peter Katzenstein, Jeffrey Legro, The Apsa Task Force On U.S. Standing In World Affairs// http://www.foreignpolicy.com/articles/2009/10/05/think_again_americas_image

4 Чего хочет Америка после Буша // <http://www.barackobama.ru/politics/america/>

5 REPORT IN THE U.S. CONGRESS 2007 on the U.S. image abroad// <http://www.policyarchive.org/handle/10207/bitstreams/12161.pdf>

6 PewResearchCenter зерттеу орталығының статистикалық мәліметтері// <http://pewresearch.org/>

7 Исследования Принстонского университета. THE DOG THAT DID NOT BARK: ANTI-AMERICANISM AND THE FINANCIAL CRISIS// http://euce.org/eusa/2011/papers/9h_meunier.pdf

8 JOSEPH S. NYE JR. Think Again: Soft Power// http://www.foreignpolicy.com/articles/2006/02/22/think_again_soft_power

9 Senate Confirmation Hearing: Hillary Clinton // <http://www.nytimes.com/2009/01/13/us/politics/13textclinton.html?pagewanted=all>

10 The Strategy of National Security// http://www.whitehouse.gov/sites/default/files/rss_viewer/national_security_strategy.pdf

Л.М. Уразова

«Миссия администрации Обамы: внешнеполитический имидж США»

Данная статья посвящена проблемам внешнеполитического имиджа США после правления администрации Буша младшего. В работе автор попытался проанализировать состояние США в мире на начало правления администрации Барака Обамы. В статье рассматриваются теоретические основы курса внешней политики нынешней администрации США.

Ключевые слова: Администрация Барака Обамы, внешняя политика США, национальная безопасность, Доктрина Буша.

L. Urazova

«The mission of the Obama administration: U.S. foreign policy image»

This article focuses on the problems of the foreign image of the United States after the administration of Bush. In this paper the author tried to analyze the position of the United States in the world at the beginning of the administration of Barack Obama. This article discusses the theoretical foundations of foreign policy of the current U.S. administration. In particular, the author analyzed the National Security Strategy of the United States-2002 (SNS), SNS – 2010, Obama's Cairo speech, as well as the strategy of "smart power".

Keywords: Barack Obama administration, U.S. foreign policy, national security, the Bush Doctrine.